

Вице-министр Қ.А. Ерғалиевтің  
Республикалық тамыз кеңесі шеңберіндегі  
тәрбие жұмысы жөніндегі панельдік сессияда  
сөйлейтін сөзінің жобасы  
17.08.2021 ж. сағат 15.00

## **Құрметті әріптестер!**

Біздің бүгінгі кездесу адами капиталдың сапасын арттыру, студент жастардың арасында рухани тәрбиенің бағыттарын талқылау, жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының жүргізілуі туралы сұрақтарды қарастыру мақсатында өткізіліп отыр.

## **Құрметті сессияға қатысушылар!**

Білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына ерекше көңіл бөлінген.

Білім берудің барлық деңгейлерінде тәрбие мен оқыту жүйесі біртұтас идеологиялық және құндылық тәсілдеріне негізделген. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптарды: отбасын, білім беру ұйымдарын және қоғамды кеңінен тарта отырып, кешенді түрде жүргізілуге тиіс.

Осы жұмыстарды орындау мақсатында ЖОО басшылығы тарапынан ерекше назар аударуды талап ететін келесі негізгі бағыттарды айқындаймыз.

### ***Бірінші. Жастар арасында масылдық психологияны жою және студенттердің дербестігін қалыптастыру***

Ол үшін студенттік өзін-өзі басқару органдарын (*жастар ісі жөніндегі комитеттер, студенттік парламенттер, студенттік мәжілістер, студенттік кеңестер және т.б.*) күшейту, оның ішінде оларды тиісті деңгейде қаржылық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар, ЖОО алқалы органдарына (*Ғылыми кеңес, Әдеп жөніндегі комиссия және т.б.*) студенттік актив әлсіз тартылғандығын байқауға болады. Негізінде, студенттер басқарушылық шешімдерді қабылдауға, білім беру процесі мен студенттік өмір мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу мен келісуге белсенді қатыспайды.

Көбінесе, студенттік ұйымдардың қызметі ЖОО ішінде шектеледі, олар өңірлік және республикалық деңгейлерде белсенді емес. Сондықтан жастардың қоғамдық ұйымдарымен өзара іс-қимылды дамыту маңызды болып отыр. Министрлік өткен жылдың желтоқсан айында Студенттер мәселелері жөніндегі кеңес құрды. ЖОО-лар осы кеңестің әлеуетін барынша пайдалануға тиіс.

***Екінші. Жоғары оқу орындарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру***

Алдағы оқу жылына «Рухани жаңғыру» бойынша іс-шаралар жоспарын жаңарту және оның уақтылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Мысалғы кітап оқу қашанда өзекті болып қала береді. Осыған орай кітап оқытудың, әсіресе, ұлттық рухты оятатын, ішкі мәдениетті дамытатын әдебиеттерді оқытудың әдіс-тәсілдерін ойлап табу. Облыстық және республикалық деңгейде конкурстар мен байқаулар өткізу, белсенді жастарды марапаттау қажет.

Жоғары оқу орындарының есептік ақпаратында іс-шараларды өткізу кезінде формализмге жол берілетінін атап өтеміз. Іс-шаралардың мазмұнды болуына назар аударуды және нақты міндеттер қойып, оларды шешу жолдарын анықтауды сұраймыз.

Жастардың мәдениетін көтеру және ұлттық өнер мен мәдениетті насихаттау мақсатында еліміздегі шығармашылық одақ пен орталықтардың, музей, сурет галереясы, театр сынды мәдени ошақтардың жұмыстарымен таныстыру. Студенттерді әдебиет, өнер және мәдениетке баулу қажет.

***Үшінші. Студенттердің бойында әлеуметтік жауапкершілік және азаматтық сезім қалыптастыру***

Жаңа оқу жылында экологиялық және қайырымдылық акцияларын өткізу арқылы волонтерлікті дамытуды жалғастырудың маңызы зор. Студенттерді «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасы туралы хабардар етіңіздер.

Осы жоба аясында барлық студенттер қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысуға және сол үшін материалдық сыйақы алу мүмкіндігіне ие болады.

Бүгінгі күнге дейін 1513 волонтер студент 49 млн.теңге сомасында төлем алды. Яғни жобаға барлығы 1,5 мың студент қатысты. Ал елімізде қанша студент бар? (600 мыңнан астам). Бұл ЖОО тарапынан жүргізілген жұмыстың төмендігін көрсетеді. Осы бағыттағы жұмыстар күшейтілсін.

### ***Төртінші. Әлеуметтік желілердің жастар санасына теріс ықпалының алдын алу***

Қазіргі уақытта әртүрлі мазмұндағы әлеуметтік желілердің көп болуына байланысты студенттердің арандатуға ұрынып қалмай, интернет желісін дұрыс пайдалана білу мәселесі өте өзекті.

Студенттерді университеттік бұқаралық ақпарат құралдарында сындарлы мақалалар дайындауға белсенді түрде тарту, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу керек.

Әлеуметтік желілерде жағымсыз ақпараттар мен әлеуметтік-психологиялық жағдайына теріс әсер беретін түрлі материалдардың жетегіне кетпей үшін жастарға тұрақты негізде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізумен қатар вайндар, қысқаметражды фильмдер, тағылымы бар роликтер түсіруге мүмкіндіктер жасау. Бұған қатысты арнайы студиоларды жасақтауды қарастыру.

Жастарға үлгі болатын және қоғамдық тіршілікке араласуына, еліміздің тыныс-тіршілігімен, халқымыздың салт-дәстүрімен жақын танысуына мүмкіндік беретін, патриоттық сезім оятатын ұлт зиялыларымен (ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері) кездесулер ұйымдастыру. Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында мұндай кездесулер жиі өтеді, дегенмен сапалық жағына мән беру қажет. Ал облыс орталықтарында тәрбиелік мәні бар мұндай кездесулер өте бермейді.

Қазіргі жағдайда кибербуллинг белең алуда. Қоғамдағы түрлі әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жастардың психикасына кері әсерін тигізуде. Осыған орай жастардың

психологиясына оңды әсер ететін, оларды рухтандыратын психологиялық тренингтер өткізіп отыру қажет. Жергілікті және шетелдік мамандарды тартып, осы мақсатта түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру керек.

***Бесінші. Жастардың ұлттық құндылықтарды және көшбасшылық қасиеттерін дамыту***

Бүгінде жоғары оқу орындарында студенттердің ұлттық құндылықтарды және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар жеткілікті түрде жүргізілмейді.

Жастардың жоғары азаматтық жауапкершілігі мен белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу өте маңызды.

Жастардың көпшілігі өздерін жағдайды өзгертуге және проблемаларды шешуге қабілеттіміз деп санамайды. Біздің міндетіміз – жас ұрпақтың бойында келешекте әлемдегі жағдайды өзгертуге және оны жақсартуға мүмкіндік беретін қасиеттерді тәрбиелеу.

Мәселен, жастардың экологиялық тәрбиесіне ерекше назар аудару керек. Жоғары оқу орындарының экологиялық практикаларын енгізуді және студенттердің экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыруды көздейтін идеяларды ілгерілету қажет.

**Құрметті әріптестер, осылайша басымдықтар белгіленді, сондықтан қысқа мерзімде:**

1. Студенттерді тәрбиелеудің кешенді жүйесін құруды;
2. Студенттердің жеке тұлғасының тұтас дамуы мен олардың өзін-өзі жетілдіруі үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуді;
3. Тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін мониторингтеу мен бағалау және студенттердің әлеуметтік жетілуін диагностикалау жүйесін енгізуді;
4. Қоғамның жаңа сұраныстарына және студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес тәрбие жұмысының жаңа формаларын, әдістері мен тәсілдерін әзірлеуді;

5. Дебат клубтарының, қызығушылықтары бойынша студенттік клубтардың және басқа да студенттік ұйымдардың жұмысын жандандыруды;

6. Еріктілер қозғалысын дамыту бойынша тұрақты негізде іс-шаралар өткізуді;

7. Жоғары оқу орындарындағы Жастар ісі жөніндегі комитеттердің құрылымын айқындай отырып, оларды дамытуға қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыруды сұраймын.